

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Математика және математикалық модельдеу институты

ӘОЖ 517.956.3

Қолжазба құқығында

ҚАЙЫРБЕК ЖАЛҒАС АСҚАРУЛЫ

Акустикалық диагностиканың математикалық моделдері

8D06104 – Математикалық және компьютерлік модельдеу

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
физика-математика ғылымдарының докторы,
Профессор Кангужин Б.Е.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, профессор Массимо Л.К. (Падуа, Италия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. Акустикалық диагностика бойынша стержень ұштарының бірін диагностикалау	6
1.1. Стерженьдердің көлденең тербелістерінің теориясының болжамдары мен негізгі моделдері	7
1.2. Ақаудың пайда болуы мен дамуының сценаріі	10
1.3. Ақауларға сәйкес дифференциалдық операторлар және олардың меншікті мәндері туралы	14
1.4. Көлденең жүктеменің әсерінен құбырдың статикалық ауытқуының дифференциалдық теңдеуі	14
1.4.1. Серпімді құбырдың көлденең иілу тербелістері	16
1.4.2. Құбыр ұштарын бекітудің жағдайларына арналған шешімдер	17
1.5. Стерженьнің ұшының бекітуінің идентификациясы	20
1.5.1. Кері есепті қою	20
1.5.2. Кері есепті шешудің жалғыздығы	22
1.5.3. Биортогональды жүйе әдісі және жақсы анықталған матрица әдісі	24
1.5.4. Анықталмаған жүйе	25
1.5.5. Анықталмаған жүйе әдісімен есепті шешудің мысалдары	27
1.6. Стерженьді бекітудің түрі мен параметрлерін анықтау	29
1.6.1. Кері есепті қою	29
1.6.2. Шешімнің екі жақтылығы туралы теорема	30
1.6.3. Шешу әдісі	34
1.6.4. Шешімнің орнықтылығы	34
1.7. Жалпы шекаралық шарттардың идентификациясы	35
1.8. Оператордың меншікті мәндері арқылы шекаралық шарттарын бірмәнді қалыпқа келтіру	49
2. Граф бойындағы тербелістер идентификациясы	51
2.1. Кері есепті қою	51
2.2. Жұлдыз– граф бойымен толқындардың таралуы	54
2.3. Жұлдыз–графтағы Штурм–Лиувилль операторының анықталу облысының идентификациясы	60
2.3.1. Граф–жұлдыздағы Штурм–Лиувилль теңдеуі үшін Коши есебінің шешімі	61
2.3.2. Шеттік шарт жиыны бойынша бтортогональ жүйенің шешімін құру	63
2.3.3. Интегралдық түрдегі шекаралық формалардың эквивалент жиыны	64
2.3.4. Эталондық есепті таңдау және кері есепті анықтап қою	66
2.3.5. Шекаралық функцияларды қалпына келтіруге арналған теорема	67
2.3.6. Шеттік есептер жағдайында бірегейлік теоремасын нақтылау	69
ҚОРЫТЫНДЫ	72
ҚОСЫМШАЛАР	73
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	80

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі уақытта акустикалық диагностика әдістерінің болашағы мен басымдылығы ие екені күмән тудырмайды. Осы тақыптағы мақалаларға шолу жасай келе акустикалық диагностика газ құбырларын, мұнай құбырларын және көптеген құрылымдарды диагностика жасағанда кеңінен қолданылады. Акустикалық диагностика әдістері әртүрлі материалдардың беріктігін, пайда болып жатқан сызаттардың орналасуын, пайда болып және дамып жатқан жарықшақтарды анықтауда кеңінен пайдаланылады. Акустикалық диагностика әдісі әсіресе қызатын, суытатын агрессивті ортада құрылымның техникалық ахуалын анықтау үшін, әртүрлі заттардың ақау пайда болған жағдайында өнімсіз шығындарды анықтау үшін қолданылады. Осы диссертациялық жұмыста өзара байланысқан стерженьдер немесе құбырлардың бірігуінен жасалған конструкциялар зерттеледі. Осындай конструкцияларда қолданыс кезінде жарықшақ, сызат тағы сол сияқты көптеген ақаулар пайда болуы мүмкін. Осындай конструкцияларда сызаттар мен жарықшақтарды дер кезінде анықтау үшін акустикалық диагностика әдісі қолданылады. Акустикалық диагностика әдістері сол конструкцияның өзін бүтіндей (без демонтажа) зерттеуге мүмкіндік береді. Қолданыс кезінде конструкциялардан “шулар” естіледі. Дыбыс диапазонына сәйкес осы “шулардың” жиіліктерін қажетті өлшеуіш құралдар арқылы өлшей аламыз. Осы өлшеуіш құралдардың ақпары бойынша қолданыстағы конструкцияға диагностика жасалады. Материалдарды деформация жасау кезінде пайда болған шуларға алғаш Д.Крейзер систематикалық зерттеулер жүргізген. Көптеген материалдарда деформация кезінде шулар төменгі кернеулерден бастап кездесетінін электронды акустикалық аппарат арқысында Д.Крейзер байқады. Шынында, біздің көбіміз уақыт өте келе үйдегі тоңазытқышта өзге шулар пайда болатынын байқаймыз. Бұл шулар тоңазытқышта қолданылатын құбыр жүйесінде пайда болады. [1] жұмыста кемелердегі механизмдердің сызатын анықтау есептері қарастырылған. Автотрактор двигателіндегі дәл осындай сызаттарды анықтау есептері [2,3] жұмыстарда қарастырылған. [4,5,6] жұмыстарда механизмдердің акустикалық диагностика есептері шешілген. [7] жұмыста “Барабан үні арқылы оның формасын біле аламыз ба?” деген сұрақ қойылған. Ал [8] жұмыста меншікті жиілітер қозғалысы арқылы объект көлемі мен оның орналасу жағдайын анықтау зерттелінді. [9] мақалада акустикалық сигналдар анализі туралы айтылған. [10,11] жұмыстарда құбыр мен құбырлар жүйесінің кіріс пен шығыс жерлеріндегі шарттар зерттелген. Ал [12-13] жұмыстарда объектілердің акустикалық ауытқуы бойынша идентификациялау есептері зерттелінген. А.М.Ахтямов “Шеттік шарттардың идентификация теориясы және оның қолданыстары” монографиясының жоғарыда көрсетілген жұмыстардан өзгешелігі монографияда облыс формасы, объект көлемі немесе орналасу жағдайының орнына бекітулерде пайда болатын ақаулар зерттеледі. Бұл жұмыста тербеліс жиілігінің қажетті диапазонын қамтамсыз ететін бекіту

түрлерін іздеу қарастырылады. Мұндай есептерде жоғарыда қойылған математикалық акустика есептеріне жатады. Ол кезде де меншікті жиілік бойынша бекіту күйін сипаттайтын параметрлерін идентификация жасауды қажет етеді. Осы жұмыста қарастырылған есептерді шеттік кері есеп деп те қарастырсақ болады.

Осы жұмыста өзара байланысқан стерженьдер мен құбырлардан құралған конструкцияның бекіту түрлеріне диагностика жасау қарастырылған. Бұл жұмыста конструкцияның жеке бөлшектерінің тербеліс жиілігіне қарай бекіту түрлері анықталды. Бұл диссертациялық жұмыста бірқатар математикалық нәтижелер алынған. Олардың көбі стерженьдердің немесе құбырдың шеттік бекітулерінде ақау қалай басталады және одан кейін олар ары қарай қандай сценариимен дамидыны ұсынылған. Ұсынылған сценарииге байланысты стерженьнің шеттік бекітуінің күйін анықтауға математикалық модельдер көрсетілген және одан кейін олар мұқият зерттелген.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Диссертациялық жұмыста стерженьдерден немесе құбырлардан тұратын құрылғылардың техникалық күйлерін анықтау мәселелері көзделген. Дәлірек айтқанда, стерженьдердің немесе құбырлардың шеттік бекітулерінің күйлерін тербеліс жиіліктері арқылы диагностикалау. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі есептер мен сұрақтарды зерттеуге тура келеді:

1. Бекітуде қалай ақау пайда бола бастайды және одан кейін ол қандай сценариимен дамиды.

2. Аталған сценарииден туындайтын математикалық есептерді зерттеу.

3. Математикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша практикалық ұсыныстар жасау.

Диссертацияны қорғауға ұсынылатын негізгі жетістіктер:

1. Стерженьдер мен құбырлар тұратын құрылғылардың бекітулерінде ақаудың қалай пайда бола бастайтыны мен одан кейін қандай сценариимен дамидынын ұсындым.

2. Жоғарыда аталған сценарииден туындайтын математикалық есептерді зерттедім.

3. Математикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша практикалық ұсыныстар жасадым.

Зерттеу нысаны – стерженьдер немесе құбырлар жүйесінен құралған конструкциялардың меншікті жиілігі мен меншікті мәндері бойынша бекіту шарттарын табу үшін қойылған есептер.

Зерттеу әдістері. Бұл диссертациялық жұмыста дифференциалдық теңдеу мен математикалық физика теңдеулері теориясы пайдаланылды. Олардың есептеулері кезінде алгебра элементтері пайдаланылды. Нақты нәтижелерді алу үшін Maple бағдарламалық пакеті қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл жұмыста стерженьдер мен құбырлар жүйесінен құралған конструкцияның меншікті жиілігі мен меншікті мәні бойынша бекіту шарттарын анықтау есебі қарастырылған. Бұл жұмыстың өзге жұмыстардан өзгешелігі меншікті жиіліктер мен меншікті мәндер бойынша

мүмкін бекітудің барлық жағдайы қарастырылған. Осы мүмкін барлық жағдай бойынша бекіту түрлеріне диагностика жасау есебінің шешу жолы анықталған.

Зерттеудің тәжірибелік және теориялық маңызы. Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңызы бар. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін нақты өмірде кездесетін құрылыс объектілері мен техникалық құрал жабдықтардың қол жетімсіз тұстағы бөлшектеріне түскен сызаттар мен жарықшақтарды алдын-ала білуге мүмкіндік береді.

Жарияланымдар. Диссертация тақырыбы бойынша 5 мақала жарияланды. Осы мақалалардың ішінде 2 мақала Web of Science пен Scopus базаларының деректер қорына кіретін басылымдарда жарияланды. Нақты атап айтқанда “Identification of the Domain of the Sturm–Liouville Operator on a Star Graph” мақаласы “Symmetry” (Q2) журналында, ал “On the Uniqueness of the Recovery of the Domain of the Perturbed Laplace Operator” мақаласы “Lobachevskii Journal of Mathematics” (Q3) журналында жарияланды. Ал 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен сипаттамасы. Осы диссертациялық жұмыс кіріспеден 2 тараудан және қорытындыдан тұрады. Кіріспе бөлімде диссертациялық жұмыстың өзектілігі, мақсаты, диссертациялық жұмыс негізінде алынған нәтижелер, ғылыми жаңалығы, зерттеу нысаны, зерттеу әдістері, диссертациялық жұмыстың басқа жұмыстармен байланыс, автордың үлесі, диссертациялық жұмыстың талқылануы, жарияланымдар жазылған. Ал тарауларда диссертациядағы қойылған есептің есептеу жолдары мен диссертациялық жұмыстың жаңашылдығы жазылған. Қорытындыда диссертациялық жұмыстың нәтижесінде алынған негізгі нәтижелер мен қорытындылар жазылған.

1. Акустикалық диагностика бойынша стержень ұштарының бірін диагностикалау

Акустикалық диагностикасы дегеніміз ол тербелмелі процестердің параметрлері бойынша жабдықтың жұмыс істеп тұрған жағдайындағы техникалық жағдайын анықтау.

Техникалық диагностиканың мақсаты тек машина ақауларының себептерін анықтау ғана емес, сонымен қатар зақымдануды уақытында анықтау және олардың даму сипатын қадағалау арқылы ақаулардың алдын алу және жөндеуге дейінгі жабдықтың күйінің өзгерісін болжау болып табылады.

Виброакустикалық диагностика – жанама белгілер бойынша техникалық жағдай параметрлерінің нормадан ауытқу дәрежесін бағалау, атап айтқанда, құрамдас бөліктер мен бөлшектердің өзара әрекетінің сипатынан тәуелді болатын акустикалық және тербелмелі процестердің қасиеттерінің өзгерісі арқылы анықтау.

Жұмыс істеп тұрған машинадағы ақауды анықтау үшін жұмыс жағдайында қарастырылған режимдердің диагностикасының тербеліс процесіне негізделген ақпаратты пайдалану керек. Динамикалық жүйеден өткен және одан түрленген вибросигналдар бөлшектің жағдайын анықтауға қолданылады, бұл ақпараттың жанамалығы болады. Ақпараттың толық болмауы барлық қажетті ақпаратты алу мүмкіндігінің шектеулілігіне байланысты, ал ақпараттың анықталмағандығы – кедергілер әсері мен диагностикалау сипатының есебін дәл қойылмауы. Қойылған мәселелерді шешудің негізгі тәсілі келесідей. Динамикалық жүйедегі тербелістің математикалық моделін алдыңғы жиналған тәжірибелер мен эксперименттік зерттеулер арқылы сипаттау. Осының негізінде барлық жұмыс істейтін жабдықтың жағдайы сипатталады [14].

Модель дегеніміз–зерттеліп отырған объектінің кейбір кейбір маңызды қасиеттерін сақтай отырып кейін оның оригинал түріне көшетін материалдық объектіні зерттеу болып табылады. Зерттелетін әрбір процесті әртүрлі модельдермен сипаттауға болады және ешбір модель мұны толық және жан-жақты сипаттай алмайды. Дегенмен, зерттелетін объектінің ерекшеліктерін көрсететін модельді пайдалану себептер мен салдарлардың, кірістер мен шығыстардың арасындағы байланысты неғұрлым анық көруге, қажетті қорытындыларды тезірек жасауға және дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыста модельдің бастапқы теңдеулерін аналитикалық шешу нәтижесінде аналитикалық модельдер қолданылады. Атап айтқанда, зерттелетін объектілер мен құбылыстардың математикалық сипаттамасы алынды, өйткені бұл принцип физика мен техниканың көптеген салаларында бұрыннан қалыптасқан. Жұмыста модельдеу объектісін бақылау негізінде гипотеза ретінде қабылданған болжамдардың ең аз санын пайдаланатын логикалық негізделген модельдеу– ғылыми модельдеу кеңінен қолданылады [15].

1.1. Стерженьдердің көлденең тербелістерінің теориясының болжамдары мен негізгі моделдері

Стерженьның көлденең тербелістерінің болжамды теңдеуі

$$L(\omega) = \rho(x)A(x)\frac{\partial^2 \omega(x,t)}{\partial t^2} + \frac{\partial^2}{\partial x^2} \left(E(x)I(x)\frac{\partial^2 \omega(x,t)}{\partial t^2} \right) = f(x,t), \quad (1.1.1)$$

$$-\frac{l}{2} \leq x \leq +\frac{l}{2}, \quad t \geq 0$$

түрінде сипатталады. Осыған сәйкес біртекті теңдеу

$$L(\omega) = 0 \quad (1.1.2)$$

теңдеуімен сипатталады.

Жоғарыдағы белгілеулердің физикалық мағыналары:

$\rho(x)$ – материал тығыздығы;

$A(x)$ – көлденең қиманың ауданы;

$\omega(x,t)$ – көлденең орын ауыстыру;

$E(x)$ – Юнг модулі;

$I(x)$ – нейтраль оске қатысты көлденең қиманың ауданының инерция моменті;

$f(x,t)$ – көлденең жүктеме.

Физикалық тұрғыдан қарағанда $\omega(x,t)$ – көлденең орын ауыстыру x және t бойынша үзіліссіз дифференциалданады. $\left[-\frac{l}{2}, +\frac{l}{2}\right]$ интервалында ρ, A, E, I функциялары x айнымалысы бойынша бірқалыпты шектелген, жатық, оң функциялар болады. Материалдың біртектілігі туралы қосымша болжам, ρ, E тұрақты дегенді білдіреді ($A(x)$ пен $I(x)$ өзектің ұзындығы бойымен өзгеруі мүмкін). Гук заңы оырнды деп санайық, ал деформация энергиясы өзектің қосымша энергиясына тең деп алайық.

Ары қарай (1.1.1) теңдеудің әлсіз шешімдерінің классын қарастырайық, және олар келесі шарттарды қанағаттандырсын:

(а) $\omega(x,t)$ – x және t бойынша $\Omega = \left[-\frac{l}{2}, +\frac{l}{2}\right] \times [0, T]$ облысында үзіліссіз дифференциалданады (яғни $\frac{\partial \omega(x,t)}{\partial t}$ және $\frac{\partial \omega(x,t)}{\partial x}$ Ω облысында x және t бойынша үзіліссіз функциялар);

(б) $\sqrt{\rho(x)A(x)}\left(\frac{\partial \omega(x,t)}{\partial t}\right)$ және $\sqrt{E(x)I(x)}\left(\frac{\partial^2 \omega(x,t)}{\partial x^2}\right)$ функциялары x бойынша $\left[-\frac{l}{2}, +\frac{l}{2}\right]$ интервалында квадратымен интегралданатын функциялар, ал энергия функциялары

$$K(t) = \frac{1}{2} \int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} \rho(x)A(x) \left[\frac{\partial \omega(x,t)}{\partial t} \right]^2 dx, \quad (1.1.3)$$

$$V(t) = \frac{1}{2} \int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} E(x) I(x) \left[\frac{\partial^2 \omega(x,t)}{\partial x^2} \right]^2 dx, \quad (1.1.4)$$

t бойынша үзіліссіз, $[0, T]$ интервалында бірқалыпты шектелген функциялар;

(с) $\omega(x, t)$ ол $x = -\frac{l}{2}$, $x = +\frac{l}{2}$ шекаралық нүктелерде төменде көрсетілген үш шарттың біреуін қанағаттандырады:

$$\begin{aligned} \omega\left(\pm \frac{l}{2}, t\right) &= 0, \\ \frac{\partial \omega\left(\pm \frac{l}{2}, t\right)}{\partial x} &= 0 \end{aligned} \quad (1.1.5)$$

$$\begin{aligned} \omega\left(\pm \frac{l}{2}, t\right) &= 0, \\ EI \frac{\partial^2 \omega\left(\pm \frac{l}{2}, t\right)}{\partial x^2} &= 0 \end{aligned} \quad (1.1.6)$$

$$\begin{aligned} EI \frac{\partial^2 \omega\left(\pm \frac{l}{2}, t\right)}{\partial x^2} &= 0 \\ \frac{\partial}{\partial x} \left[EI \frac{\partial^2 \omega\left(\pm \frac{l}{2}, t\right)}{\partial x^2} \right] &= 0 \end{aligned} \quad (1.1.7)$$

(d) $\omega(x, t)$ келесі берілген бастапқы шарттарды қанағаттандырады

$$\omega(x, 0) = \psi(x), \quad (1.1.8)$$

$$\frac{\partial \omega(x, 0)}{\partial t} = \eta(x), \quad (1.1.9)$$

мұндағы $\psi(x), \eta(x) \in C^1 \left[-\frac{l}{2}; +\frac{l}{2} \right]$.

$f(x, t)$ —біртекті мүшесі келесі шарттардың біреуін қанағаттандырады деп болжаймы;

1-шарт. $f(x, t)$ функциясы x айнымалысы бойынша $\left[-\frac{l}{2}; +\frac{l}{2} \right]$

интервалында квадратымен интегралданатын функция, ал $\int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} \|f(x, t)\| dx$ функциясы

өлшенетін функция және $[0, T]$ интервалында t айнымалысы бойынша бірқалыпты шектелген функция. Және де $f(x, t)$ функциясы

$$\|f(x,t)\|_{(x)}^2 = \left[\int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} |f(x,t)| dx \right]^2 \leq 1 \quad (1.1.10)$$

теңсіздігін қанағаттандырады деп болжаймыз.

Кез-келген $C > 0$ үшін $\|f(x,t)\|_{(x)}^2 \leq C$ түріндегі болжам жалпалама кеңейтпейді деп санаймыз.

Бұл шарттар стерженьнің толық энергиясы $E(t) = K(t) + V(t)$ барлық $t \in [0, T]$ үшін бірқалыпты шектелген дегенді білдіреді, мұндағы $K(t)$ мен $V(t)$ (1.1.3) және (1.1.4) формулалармен анықталады. Қарастырып отырған жағдайды *таралған жүктеме* жағдайы деп атаймыз, ал 1 шартты қанағаттандыратын $f(x,t)$ басқару функциясын *таралған басқару* деп атаймыз.

2-шарт. $f(x,t)$ келесі түрге ие деп болжайық,

$$f(x,t) = \sum_{i=1}^N \delta(x - \xi_i(t)) \varphi_i(t) + \sigma(x,t) \quad (1.1.11)$$

мұндағы $\sigma(x,t)$ – таралған басқару, $\delta(x - \xi_i(t))$ – x координат бойымен “қозғалатын” Дирактың дельта-функциясы. $\varphi_i(t)$ функциясы t айнымалысы бойынша өлшенетін функция, және ол барлық $t \in [0, T]$ үшін

$$\sum_{i=1}^N |\varphi_i(t)| + \int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} |\sigma(x,t)| dx \leq 1 \quad (1.1.12)$$

шартын қанағаттандырады.

Стерженьнің толық энергиясы жоғарыдан қандайда бір константамен бірқалыпты шектелген. Ол үшін (1.1.12) теңдікке орташа моменттерді енгізу керек, яғни

$$f(x,t) = \sum_{i=1}^N \delta(x - \xi_i(t)) \varphi_i(t) + \sum_{i=1}^N \delta'(x - \xi_i(t)) \mu_i(t) + \delta(x,t) \quad (1.1.13)$$

мұндағы штрих дегеніміз $\frac{\partial}{\partial x}$.

Қорыта келе энергия үшін теңдік жазайық. Стерженьнің кинетикалық энергиясы

$$K(t) = \frac{1}{2} \int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} \rho(x) A(x) \left(\frac{\partial \omega(x,t)}{\partial t} \right)^2 dx, \quad (1.1.14)$$

формуласымен анықталады, ал деформацияның потенциалдық энергиясы

$$V(t) = \frac{1}{2} \int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} E(x) I(x) \left(\frac{\partial^2 \omega(x,t)}{\partial x^2} \right)^2 dx, \quad (1.1.15)$$

формуласымен анықталады.

Толық энергия $E(t)$ деформацияның кинетикалық энергиясы мен потенциалдық энергиясының қосындысына тең

$$E = K + V = \frac{1}{2} \int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} \left\{ \rho(x) A(x) \left(\frac{\partial \omega(x,t)}{\partial t} \right)^2 + E(x) I(x) \left(\frac{\partial^2 \omega(x,t)}{\partial x^2} \right)^2 \right\} dx \quad (1.1.16)$$

(1.1.14) пен (1.1.15) формулалардың физикалық мағынасынан $\frac{\partial \omega}{\partial t}$ мен $\frac{\partial^2 \omega}{\partial x^2}$ $\left[-\frac{l}{2}, +\frac{l}{2} \right]$ интервалында квадратымен интегралдануы керек. Бұл шамалар $[0, T]$ интервалында да квадратымен интегралдануы керек. $u(x,t), v(x,t)$ функцияларының көбейтіндісін енгізейік, олардың $\frac{\partial u}{\partial t}, \frac{\partial^2 u}{\partial x^2}, \frac{\partial v}{\partial t}, \frac{\partial^2 v}{\partial x^2}$ туындылары $-\frac{l}{2} \leq x \leq +\frac{l}{2}$ интервалында квадратымен интегралданады:

$$\langle u, v \rangle = \frac{1}{2} \int_{-\frac{l}{2}}^{+\frac{l}{2}} \left[\rho(x) A(x) \frac{\partial u}{\partial t} \frac{\partial v}{\partial t} + E(x) I(x) \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} \frac{\partial^2 v}{\partial x^2} \right] dx \quad (1.1.17)$$

$\langle u, v \rangle$ тек t -дан тәуелді функция болатыны түсінікті. Егер $u = v$ болса, онда $\langle u, v \rangle$ – толық энергия, ол (1.1.14), (1.1.15), (1.1.16) формулалармен анықталған.

1.2 Ақаудың пайда болуы мен дамуының сценаріі

Бұл пункте стерженьнің көлденең тербелістерінің жиілігі бойынша стержень шеттерінің бекітуі анықтау мәселесі қарастырылады. Стерженьнің осьтен көлденең ауытқуы $w(x,t)$, әдетте, Эйлер–Бернулли теңдеуіне

$$\frac{\partial^2}{\partial x^2} \left(EI \frac{\partial^2 w}{\partial x^2} \right) = -\mu \frac{\partial^2 w}{\partial t^2} + q(x)$$

қанағаттандырады. Басында стерженьдердің шеттері қатаң бекітілген болсын. Демек шеттерінің көлденең өзгерістері мүмкін емес. Басқаша айтқанда $w(0,t) = 0, \frac{\partial w(0,t)}{\partial x} = 0$ стерженьнің $x=0$ шетінің қатаң бекітілуі. Бірінші шарттың механикалық мағынасы: $x=0$ шетінде көлденең ауытқу мүмкін емес. Екінші шарттың механикалық мағынасы $x=0$ стерженьнің көлбеу бұрышы нольге тең. Дәл сол сияқты стерженьнің $x=1$ шетінде келесі екі шарт орындалады, яғни $w(1,t) = 0, \frac{\partial w(1,t)}{\partial x} = 0$ стерженьнің $x=1$ шетінің қатаң бекітілуін білдіреді.

Көптеген әдебиетке, мысалы [16], сүйенсек стерженьнің шетінің маңайында көлденең ауытқуларының асимптотикасы келесі түрде

$$\frac{1}{h^2} \left(\vec{e}_1 \cdot w_1(x) + \vec{e}_2 \cdot w_2(x) \right) + \frac{1}{h} \vec{e}_3 \left(w_3(x) - \eta_1 \frac{\partial}{\partial x} w_1(x) - \eta_2 \frac{\partial}{\partial x} w_2(x) \right) + \frac{1}{h} \left(\eta_1 \vec{e}_2 - \eta_2 \vec{e}_1 \right) w_4(x) \quad (1.2.1)$$

жазылады. Мұндағы \vec{e}_3 стерженьнің осымен бағыттас вектор, ал \vec{e}_1 және \vec{e}_2 – стерженнің осыне перпендикуляр бағыттар. Ал $w_1(x), w_2(x)$ – көлденең, $w_3(x)$ стерженьнің бойлық ауытқулары. Өрнектегі $w_4(x)$ – стерженьнің осы бойынша бұрылу бұрышын сипаттайтын шама. Мұндағы h параметрі стерженьнің шетінің маңайының ұзындығын сипаттайтын аз шама. (1.2.1) өрнектегі аз шаманың

көрсеткіштерінің әртүрлі болатындығы физикалық қағидаға сәйкес. Себебі стерженьнің созуы немесе ось бойынша бұрауға қарағанда оның қисаюы тез. Аталған физикалық қағида көптеген [17,18,19,20,21] жұмыстарда талқыланған.

Енді $x=0$ стерженьнің маңайын қарастырайық. Яғни x нольмен h аралығында болсын. Онда Тейлор формуласы бойынша

$$w(x,t) = w(0,t) + \frac{\partial w(0,t)}{\partial x} x + \frac{1}{2} \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} x^2$$

$$\frac{\partial w(x,t)}{\partial x} \approx \frac{\partial w(0,t)}{\partial x} + \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} x + \frac{1}{2} \frac{\partial^3 w(0,t)}{\partial x^3} x^2$$

$x=0$ шеті қатаң бекітілген болғандықтан,

$$\begin{cases} w(h,t) \approx \frac{1}{2} \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} h^2 \\ \frac{\partial w(h,t)}{\partial x} \approx \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} h + \frac{1}{2} h^2 \frac{\partial^3 w(0,t)}{\partial x^3} \end{cases} \quad (1.2.2)$$

орындалады. Серпімділік теорисынан бұраушы момент

$$M(0) = -EJ \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2},$$

және көлденең күш

$$Q(0) = EJ \frac{\partial^3 w(0,t)}{\partial x^3}$$

болатынын байқаймыз. Сондықтан (1.2.2) теңдіктерден бұраушы моментпен және көлденең күш үшін

$$\begin{cases} w(h,t) \approx \frac{-h^2}{2EJ} M(0), \\ \frac{\partial w(h,t)}{\partial x} \approx -\frac{h}{EJ} M(0) + \frac{h^3}{2EJ} Q(0) \end{cases} \quad (1.2.3)$$

катынастары орындалады.

Енді $x=0$ стерженьнің шетінде қалай ақау пайда болатындығын және кейін ол қандай сценариимен дамитынын болжауға болады.

Стерженьнің $x=0$ шетінде басында қатаң бекіту

$$w(0,t) = 0, \quad \left. \frac{\partial w(0,t)}{\partial x} \right|_{x=0} = 0 \quad (1.2.4)$$

болсын дейік. Эксплуатация кезінде (біраз уақыт өткеннен кейін) (1.2.1) қатынасын ескере отырып,

$$w(0,t) = 0,$$

$$\left. \frac{\partial w}{\partial x} \right|_{x=0} = \alpha_1 \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} \quad (1.2.5)$$

шарттар орындалады. Себебі, h аз шама болғандықтан, келесі иерархия

$$h \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} \gg \frac{h^2}{2} \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} \gg \frac{h^3}{2} \frac{\partial^3 w(0,t)}{\partial x^3}$$

орындалады. Демек, алдымен $h \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2}$ мүшесін ескереміз, ал $\frac{h^2}{2} \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2}$ және

$\frac{h^3}{2} \frac{\partial^3 w(0,t)}{\partial x^3}$ өте аз шамалар. Яғни, ноль деп ойлауға болады.

Мұндағы α_1 – қандайда бір нақты параметр. Сонымен қатар (1.2.4) бекіту бір кезде (1.2.5) шартына ауысады. Бұл $x=0$ шетіндегі ақаудың пайда бола бастауы. Бұл жағдайда $h^2 \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2}$ және $h^3 \frac{\partial^3 w(0,t)}{\partial x^3}$ өте аз шама екендігін көрсетеді. Сондықтан (1.2.5) шарт орындалады. Бұл (1.2.5) шарттың механикалық мағынасы көлбеу бұрышының $\frac{\partial w(0,t)}{\partial x}$ шамасына бұрыштық моменттің $M(0)$ әсерін ескеруге тура келеді. Демек (1.2.4) шартының орнына (1.2.5) шартын ескеруге тура келеді. Осыған дейін қатаң бекіту болса, енді бұрушы моменттің әсерін ескеруге тура келеді. Осындай жағдайды байқап, бірақ стерженьді эксплуатация жасай беруге болады. Бұраушы моменттің әсерінен қатаң бекіту (1.2.4) шартымен бекітуге ауысты, бірақ шеттерінің бекітуі ауысқанымен эксплуатация жасауды жалғастырамыз. Бұл кезде көлбеулік бұрыш пайда болғанымен, стерженьдерді эксплуатация жасауды тоқтатудың қажеті жоқ. Яғни жөндеуді қажет етпейді.

Бірақ бір ескертетін жайт бар: (1.2.4) шарттарына сәйкес көлденең тербелістердің меншікті жиіліктері (1.2.5) шарттары болғанда меншікті жиіліктер өзгереді. Негізгі сұрақтардың бірі: қанша меншікті жиіліктері өзгереді? Өзгерген меншікті жиіліктер бойынша шекаралық күйі (1.2.4) тен (1.2.5) күйге көшкенін табу үшін? Егерде жөндеу жасамай ары қарай стерженьдерді эксплуатация жасай берсек, онда (1.2.4) күйі (1.2.5) күйге ауысқанын 1 деңгейдегі ақау деп атаймыз және бұл ақау әлі жөндеуді талап етпейді деп қабылдаймыз. Сонымен (1.2.5) шарттар $x=0$ шетінде орындалсын деп есептейік. (1.2.2) асимптотикалық қатынастардан (1.2.5) шекаралық шарттар келесі шарттарға ауысады:

$$\begin{cases} w(0,t) = \alpha_2 \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2}, \\ \frac{\partial w(0,t)}{\partial x} = \alpha_1 \frac{\partial^2 w(0,t)}{\partial x^2} \end{cases} \quad (1.2.6)$$


мұндағы $0 < \alpha_2 < \alpha_1$.

Бұл жағдайда $x=0$ шетінде 2 деңгейдегі ақау пайда болды деп санаймыз және бұл жағдайда жөндеуді мерзімі қысқарады. Демек қауіп одан сайын алдыңғы деңгейге қарағанда көбейеді. Бұған дейін бұраушы моменттің әсері арқылы ақаудың дейгейлері өзгеріп тұрды. Енді көлденең күшті $Q(0)$ әсерін ескеруге тура келеді. Осы жайттарды ескерсек, онда стержень эксплуатация кезінде 4 стадиядан өтеді.

1-стадияда қатаң бекіту болады. Бұл кезде стерженьнің теңдеуі

$$\begin{aligned} w(0) &= 0, \\ \frac{\partial w}{\partial x}(0) &= 0 \end{aligned}$$

теңдеуімен сипатталады. Бұл стадияда стержень өзінің горизонталь қалпында болады. Ол жағдайдағы стерженьнің сызбасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет

1-стадиядан соң қатаң бекітуден кейін майысуға көшеді. Бұл кезде стерженьнің теңдеуі

$$w(0) = 0, \\ \frac{\partial w(0)}{\partial x} = \alpha_1 \frac{\partial^2 w(0)}{\partial x^2}$$

Бұл стадияда стержень өзінің горизонталь қалпында ауытқып, көлбеулік бұрышқа ие болады. Ол жағдайдағы стерженьнің сызбасы 2-суретте көрсетілген.



2 сурет

Бұл стадияда жөндеу жұмыстарын жүргізудің қажеті аз. Мұнда қатаң бекіту сақталады. Мұнда шеттеріндегі бекіту бастапқыдай қатаң бекіту болып қалады. Тек стержень бойында майысу пайда болады. Яғни стержень сол бастапқы бекітуді сақтап тұрады.

2 стадиядан кейін майысудан шеті босайды. Бұл стадияда стерженьді эксплуатация жасауды жалғастыруға болады. Онда жөндеу жұмыстарын алдағы уақытта жасау керектігін есте сақтауымыз керек. Яғни, стержень шеттері қатаң бекітуден шеттері сәл босауға алмасады. Сондықтан стержень қатаң бекітуден сәл босағандықтан люфт пайда болады. Пайда болған люфт стерженьді толығымен босатпайды. Люфт кезінде қатаң бекітулерде қандайда бір саңылау пайда болады. Люфт кезінде стерженьнің теңдеуі


$$w(0) = \beta \frac{\partial^2 w(0)}{\partial x^2}, \\ \frac{\partial w(0)}{\partial x} = \alpha \frac{\partial^2 w(0)}{\partial x^2}, \quad \alpha \gg \beta$$

түрінде болады. Бұл кезде алда жұмыстарын жасауды есте сақтауымыз керек.

3 стадиядан кейін майысудан шеті сынуға көшеді. Осы кездегі стержень

$$w(0) = \beta \frac{\partial^2 w(0)}{\partial x^2}, \\ \frac{\partial w(0)}{\partial x} = \alpha \frac{\partial^2 w(0)}{\partial x^2} + \gamma \frac{\partial^3 w(0)}{\partial x^3}, \quad \alpha \gg \beta \gg \gamma.$$

теңдеуімен сипатталады. Бұл кезде стерженьге көлденең күш әсер етеді. Соның әсерінен стержень сынады. Бұл жағдайдағы стерженьнің сызбасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет

Яғни, біз мұнда көлденең күш соңында әсер ететінін байқаймыз. Осы көлденең күштің әсерінен стержень сынады. Сонда осы стадиялардан біз келесідей қорытынды жасаймыз: Ең алдымен стерженьді бұраушы момент майыстырады, соның әсерінен оның шеттері босайды, ал көлденең күш әсер еткенде стержень сынады. Бұл кезде шұғыл түрде стерженьге жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Бұл айтылғандардың барлығы стерженьдердің күйлерінің теңдеуінің түрінен Тейлор формуласынан шығады.

1.3. Ақауларға сәйкес дифференциалдық операторлар және олардың меншікті мәндері туралы

Адындағы пунктың қорытындысы бойынша стерженьнің бір шетінің 4 түрлі бекіту стадиясы болуы мүмкін. Стерженьнің екі шеті бар екенін ескерсек, онда екі ұшының мүмкін стадиялары 16-ға жетеді. Осы бекітулерге байланысты келесі жағдайларды қарастырамыз. $x=0$ шеті қатаң бекітілсе, онда $i=0$ деп қабылдаймыз. $x=0$ шетінде көлбеулік бұрыш пайда болғанда, $i=1$ деп алайық, $x=0$ шетінде “люфт” пайда болса, онда $i=2$ деп, ал $x=0$ шетінде көлденең күштің әсері пайда болғанда $i=3$ деп таңдаймыз. Дәл сол сияқты $x=1$ шетінде шеті қатаң бекітілсе, онда $j=0$ деп қабылдаймыз. $x=1$ шетінде көлбеулік бұрыш пайда болғанда, $j=1$ деп алайық, $x=1$ шетінде “люфт” пайда болса, онда $j=2$ деп, ал $x=1$ шетінде көлденең күштің әсері пайда болғанда $j=3$ деп таңдаймыз. Сонымен бізде L_{ij} операторын келесі формуламен

$$L_{ij}w(x) = \frac{\partial^2}{\partial^2 x} \left(EJ \frac{\partial^2 w(x)}{\partial^2 x} \right), \quad 0 < x < 1.$$

енгізе аламыз.

Мысалы L_{03} деген оператор стерженьнің $x=0$ шеті қатаң бекітілген, ал $x=1$ шетінде көлденең күштің әсері пайда болып, стерженьді сындыруға алын келді дегенді білдіреді. Ал L_{03} деген оператор стерженьнің $x=0$ шеті қатаң бекітілген, ал $x=1$ шетінде көлденең күштің әсері пайда болып, стерженьді сындыруға алын келді дегенді білдіреді.

1.4. Көлденең жүктеменің әсерінен құбырдың статикалық ауытқуының дифференциалдық теңдеуі.

Инженерлік теориядағы аз деформация үшін серпімді деформация осьтік сызықтың квадратына пропорционал және келесі интегралмен

$$U = \frac{1}{2} \int_0^L EJ \left(\frac{d^2 w}{dx^2} \right)^2 dx \quad (1.4.1)$$

сипатталады.

Мұндағы $y = w(x)$ осьтік сызықтың ізделінді теңдеуі, EJ иілудегі қатандық коэффициенті және ол E Юнг модулі мен J балканың инерция моментінің көбейтіндісінен тұрады. Мысалы, анықтамалардан болат үшін Юнг модулі $E = 20.6 \cdot 10^{10} \text{ Н/м}^2$ тең болатынын байқаймыз. Дөңгелек цилиндрлік трубадағы көлденең қима S пен инерция мен моменті J

$$S = \pi(a^2 - b^2), \quad J = \int_0^{2\pi} d\varphi \int_a^b \sin^2 \varphi r^3 dr = \pi \cdot \frac{a^4 - b^4}{4} = S \cdot \frac{a^2 + b^2}{4} \quad (1.4.2)$$

Қатаң деформацияның (1.4.1) потенциалдық энергиясы $w(x)$ орын ауыстыруындағы көлденең $q(x)$ жүктеменің A жұмысының әсерінен пайда болады:

$$A = \int_0^L q w dx \quad (1.4.3)$$

Осылайша (1.4.1) мен (1.4.3) теңдіктерді теңестіріп

$$\frac{1}{2} \int_0^L EJ \left(\frac{d^2 w}{dx^2} \right)^2 dx = \int_0^L q w dx \quad (1.4.4)$$

(1.4.4) функционалды минималь мәнге әкелетін (1.4.4) интегралдық теңдіктен $w(x)$ функциясын табу керек. Ол функцияны табу үшін вариациялық қисапты пайдаланамыз. (1.4.4) теңдіктің екі жағынан вариацияны есептеп, келесі теңдікті аламыз

$$\int_0^L EJ w'' \delta(w'') dx = \int_0^L q(x) \delta(w) dx \quad (1.4.5)$$

$\delta(w)$ вариациясының ішінде x айнымалысынан тәуелді интегралдау интервалының шеттерінде нольге айналатын кез-келген функция орналасады. Вариация операциясы дифференциалдау операциясымен алмасады, яғни

$$\delta(w') = \frac{d}{dx} \delta(w) \quad (1.4.6)$$

Осыны ескеріп, (1.4.5) теңдіктің сол жағынан интегралды екі рет бөліктеп алуға болады. Бір рет интегралдап,

$$\int_0^L EJ w'' \delta(w'') dx = \int_0^L EJ w'' \frac{d}{dx} \delta(w') dx = EJ w'' \delta(w') \Big|_0^L - \int_0^L \frac{d}{dx} (EJ w'') \delta(w') dx \quad (1.4.7)$$

Дәл осылай екі рет бөліктеп интегралдағаннан кейін

$$\int_0^L EJ w'' \delta(w'') dx = EJ w'' \delta(w') \Big|_0^L - \frac{d}{dx} [EJ w''] \delta(w) \Big|_0^L + \int_0^L \frac{d^2}{dx^2} (EJ w'') \delta(w) dx \quad (1.4.8)$$

Осылайша (1.4.5) формула (1.4.8) теңдіктен кейін

$$EJ w'' \delta(w') \Big|_0^L - \frac{d}{dx} [EJ w''] \delta(w) \Big|_0^L + \int_0^L \left[\frac{d^2}{dx^2} \left(EJ \frac{d^2 w}{dx^2} \right) - q(x) \right] \delta(w) dx \quad (1.4.9)$$

(1.4.9) теңдіктің интегралдан тыс мүшелері нольге айналады, себебі $\delta(w)$ мен $\delta(w')$ вариациялар қарастырып отырған облыстың шеттерінде нольге айналады ($x = 0$ мен $x = L$ болғанда).

Бұл заңдылық (1.4.9) теңдікті нольге алып келеді, ол дегеніміз тік жақшаны

нольге тең қылуға алып келу болады. Осының нәтижесінде иілу функциясы $w(x)$ -ті сипаттайтын дифференциалдық теңдеуге келеміз:

$$\frac{d^2}{dx^2} \left(EJ \frac{d^2 w}{dx^2} \right) = q(x) \quad (1.4.10)$$

Осылайша, бізге трубаға түскен көлденең жүктеме $q(x)$ белгілі болса, онда $w(x)$ иілуді есептеу үшін сәйкес ұштарындағы шеттік шарттарды пайдаланып, (1.4.10) дифференциалдық теңдеуді аналитикалық немесе сандық әдіспен шешеді. Бұл теңдеу төртінші ретті теңдеу болғандықтан, оған төрт шеттік шарт қоюымыз керек, ол шарттар ретінде $x=0$ мен $x=L$ болғанда $w(x)$ функциясының мәндері мен туындыларының мәндерінің комбинациясын пайдаланамыз. Құбырдың көлденең тербеліс теңдеуін (1.4.10) дифференциалдық теңдеу сипаттайды.

Есептеу жүргізу үшін келесі маңызды жерлерді айтайық. Трубаның $x = const$ көлденең қимасына түскен иілу моменті $M(x)$ пен көлденең күш $F(x)$

$$EJ \frac{d^2 w}{dx^2} = M(x), \quad \frac{d}{dx} \left[EJ \frac{d^2 w}{dx^2} \right] = F(x) \quad (1.4.11)$$

теңдіктерімен сипатталады.

(1.4.10) дифференциалдық теңдеуді шеші кезінде шеттік шарттар трубаның ұштарының бекіту тәсіліне байланысты таңдалады. Мысалы, трубаның екі ұшы қатаң бекітілген болса, онда келесі төрт шеттік шарт болады:

$$w(0)=0, \quad w'(0)=0, \quad w(L)=0, \quad w'(L)=0 \quad (1.4.12)$$

Егер екінші ұшы бос болса, онда $x=L$ қимасына түсірілген күш пен момент нольге тең болуы керек. Онда (1.4.11) теңдіктен, қимасы тұрақты труба үшін шеттік шарт келесідей болады:

$$w(0)=0, \quad w'(0)=0, \quad w''(L)=0, \quad w'''(L)=0 \quad (1.4.13)$$

Яғни, ұшы бос болған кезде $w(x)$ иілу функциясының екінші және үшінші ретті туындылары нольге тең болады.

1.4.1 Серпімді трубаның көлденең иілу тербелістері

Серпімді трубаның көлденең иілу тербелістерінің дифференциалдық теңдеуін негізгі (1.4.10) статикалық теңдеудегі $q(x)$ жүктемені трубадағы бірлік инерция күшімен алмастырып ала аламыз:

$$q(x) = -\rho S \frac{\partial^2 w}{\partial t^2}. \quad (1.4.1.1)$$

Мұндағы S – қима ауданы, ал ρ – трубаның материалының тығыздығы. Болат үшін тығыздық $\rho \approx 8 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$ тең.

Осылайша трубаның көлденең иілу тербелістері

$$\frac{\partial^2}{\partial x^2} \left(EJ \frac{\partial^2 w}{\partial x^2} \right) + \rho S \frac{\partial^2 w}{\partial t^2} = 0. \quad (1.4.1.2)$$

Егер трубаның қимасы тұрақты болса, онда EJ қатаңдық коэффициентін жақшаның алдына шығарсақ, онда (1.4.1.2) теңдеу келесідей болады:

$$\frac{\partial^4 w}{\partial x^4} + \frac{\rho S}{EJ} \frac{\partial^2 w}{\partial t^2} = 0 \quad (1.4.1.3)$$

(1.4.1.3) теңдеудің шешімдерін уақыт бойынша периодты және ω бұрыштық жиілікпен тербелетін функциялардың көбейтіндісі ретінде қарастырамыз:

$$w(x, t) = \cos(\omega t + \varepsilon)W(x). \quad (1.4.1.4)$$

Онда $W(x)$ функциясы үшін, осьтік сызықтағы толқынды анықтайтын қарапайым дифференциалдық теңдеуді аламыз:

$$\frac{d^4 w}{dx^4} - \frac{1}{L^4} \left(\frac{\rho S \omega^2 L^4}{EJ} \right) W = 0. \quad (1.4.1.5)$$

(1.4.1.5) формуладағы жақшаның ішіндегі өрнек өлшемсіз шамаға тең. Онда оған жаңа белгілеу енгізген тиімді

$$\frac{\rho S \omega^2 L^4}{EJ} = \lambda^4. \quad (1.4.1.6)$$

Егер λ параметрінің мәні белгілі болса, онда (1.4.1.6) теңдіктен трубаның тербелісінің ω жиілігін табуға болады:

$$\omega^2 = \frac{EJ \lambda^4}{\rho S L^4}, \quad \omega = \frac{\lambda^2}{L^2} \sqrt{\frac{J}{S}} \sqrt{\frac{E}{\rho}}. \quad (1.4.1.7)$$

(1.4.1.7) теңдіктегі радикалдардың физикалық мағынасы бар. $\sqrt{\frac{J}{S}}$ – трубаның көлденең қимасының инерция моменті, ал $\sqrt{\frac{E}{\rho}}$ – иілу деформациясы кезінде трубаның көлденең қимасының нүктелердің орын ауыстыруының жылдамдығын сипаттайды. Болат труба үшін $\sqrt{\frac{E}{\rho}} = 13622 \text{ м/с}$.

Осьтік сызықтағы тербелмелі нүктенің стационар теңдеуі (1.4.1.6) теңдіктегі белгілеулерді ескеріп, келесі түрде жазуға болады:

$$\frac{d^4 W}{dx^4} - \frac{\lambda^4}{L^4} W = 0 \quad (1.4.1.8)$$

Оның жалпы шешімі A, B, C, D константаларымен гиперболалық және тригонометриялық функциялармен сипатталады және келесі түрде сипатталады:

$$W(x) = A \operatorname{ch} \lambda \frac{x}{L} + B \cos \lambda \frac{x}{L} + C \operatorname{sh} \lambda \frac{x}{L} + D \sin \lambda \frac{x}{L}. \quad (1.4.1.9)$$

1.4.2 Труба ұштарын бекітудің жағдайларына арналған шешімдер

Труба ұштарын бекітудің үш жағдайы үшін (1.4.1.8) теңдеуінің шешімдерін қарастырайық: екі ұшы да қатаң бекітілген; екі ұшы да бос; бір ұшы бекітілген екінші ұшы бос.

Бірінші жағдайда келесі шеттік шарттар орындалуы керек:

$$W(0) = 0, \quad W'(0) = 0, \quad W(L) = 0, \quad W'(L) = 0. \quad (1.4.2.1)$$

Онда (1.4.1.9) теңдікпен сипатталған шешім келесідей болады:

$$W(x) = A \left[\operatorname{ch} \lambda \frac{x}{L} - \cos \lambda \frac{x}{L} \right] + B \left[\operatorname{sh} \lambda \frac{x}{L} - \sin \lambda \frac{x}{L} \right] \quad (1.4.2.2)$$

Мұндағы квадрат жақшалардағы функцияларды әдетте Крылов функциялары деп атайды, олар (1.4.1.8) теңдеуді қанағаттандырады және $x=0$ болғанда

бірінші туындысымен бірге нольге тең болады. (1.4.2.1) шеттік шартты (1.4.2.2) теңдік үшін трубаның екінші ұшы ($x = L$ кезінде) үшін екі теңдікпен жазайық

$$\begin{aligned} W(L) &= A[ch\lambda - \cos \lambda] + B[sh\lambda - \sin \lambda] = 0, \\ W'(L) &= A \frac{\lambda}{L} [sh\lambda + \sin \lambda] + B \frac{\lambda}{L} [ch\lambda - \cos \lambda] = 0 \end{aligned} \quad (1.4.2.3)$$

Олай болса, A, B коэффициенттеріне қатысты екі алгебралық теңдеулерден құралған теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\begin{aligned} A[ch\lambda - \cos \lambda] + B[sh\lambda - \sin \lambda] &= 0, \\ A[sh\lambda + \sin \lambda] + B[ch\lambda - \cos \lambda] &= 0. \end{aligned} \quad (1.4.2.4)$$

Бұл жүйенің нольдік емес шешімі болуы үшін оның анықтауышы нольге тең болуы керек, одан өзге B коэффициентін A арқылы келесі формуладай өрнектей алу керек

$$B = -A \frac{ch\lambda - \cos \lambda}{sh\lambda - \sin \lambda} \quad (1.4.2.5)$$

(1.4.2.5) теңдікті (1.4.2.2) теңдікке қойып, құбырдың көлденең иілу өрнегі

$$W(x) = \left[ch\lambda - \cos \lambda \frac{x}{L} \right] - \frac{ch\lambda - \cos \lambda}{sh\lambda - \sin \lambda} \left[sh\lambda \frac{x}{L} - \sin \lambda \frac{x}{L} \right] \quad (1.4.2.6)$$

аламыз. λ параметрін (1.4.2.6) жүйенің анықтауышы нольге тең болу шартынан табамыз:

$$\begin{vmatrix} ch\lambda - \cos \lambda & sh\lambda - \sin \lambda \\ sh\lambda + \sin \lambda & ch\lambda - \cos \lambda \end{vmatrix} = 0$$

Осы анықтауышты есептеп ықшамдағаннан кейін

$$\begin{aligned} (ch\lambda - \cos \lambda)^2 - (sh\lambda + \sin \lambda)(sh\lambda - \sin \lambda) &= \\ = ch^2\lambda - 2ch\lambda \cos \lambda + \cos^2 \lambda - sh^2\lambda + \sin^2 \lambda &= 2 - 2ch\lambda \cos \lambda = 0 \end{aligned}$$

теңдігін аламыз. λ параметрін анықтау үшін қажетті сипаттамалық теңдеу

$$ch\lambda \cos \lambda = 1 \quad (1.4.2.7)$$

түрінде болады. (1.4.2.7) теңдеудің шексіз көп шешімі бар. $\lambda = 0$ түбіріне $W(x) = 0$ шешімі сәйкес келеді. (1.4.2.7) теңдеудің қалған оң мәндері қандайда бір сандық әдіспен табылады. Олардың кейбір мәндері

$$\lambda_1 = 4.730, \lambda_2 = 7.853, \lambda_3 = 10.966, \lambda_4 = 14.137, \lambda_5 = 17.279, \dots, \quad (1.4.2.8)$$

Әр λ_n түбірі үшін өзінің тербеліс жиілігі бар және ол (1.4.2.7) формула бойынша есептелінеді және өзінің тербеліс формасы бар болғандықтан, онда

$$W_n(x) = \left[ch\lambda_n \frac{x}{L} - \cos \lambda_n \frac{x}{L} \right] - \frac{ch\lambda_n - \cos \lambda_n}{sh\lambda_n - \sin \lambda_n} \left[sh\lambda_n \frac{x}{L} - \sin \lambda_n \frac{x}{L} \right] \quad (1.4.2.9)$$

Осыған ұқсас формулаларды құбырдың ұштарының әртүрлі бекітілуі үшін әртүрлі тәсілмен алуға болады.

Бекітудің екінші жағдайын, яғни екі ұшыда бекітілмеген жағдайда, шекаралық шарттар күштер мен моменттердің (1.4.11) нольге тең болуына алып келінеді, яғни екі ұшында $W(x)$ функциясының x бойынша екінші және үшінші туындысы нольге тең болуы керек.

$$W''(0) = 0, W'''(0) = 0, W''(L) = 0, W'''(L) = 0 \quad (1.4.2.10)$$

Осы жағдай үшін (1.4.1.8) тербеліс теңдеуінің шешімін келесі түрде болатынын байқаймыз.

$$W(x) = A \left[ch\lambda \frac{x}{L} + \cos \lambda \frac{x}{L} \right] + B \left[sh\lambda \frac{x}{L} + \sin \lambda \frac{x}{L} \right] \quad (1.4.2.11)$$

Мұндағы тік жақшалардағы екі функция $x=0$ болғандағы екінші және үшінші туындылар нөлге тең шартын қанағаттандырады. Бұл шарттар $x=L$ болғанда орындалуы үшін A мен B коэффициенттеріне қатысты келесі сызықты біртекті алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз.

$$\begin{aligned} A[ch\lambda - \cos \lambda] + B[sh\lambda - \sin \lambda] &= 0, \\ A[sh\lambda - \sin \lambda] + B[ch\lambda - \cos \lambda] &= 0. \end{aligned}$$

Бұл теңдеулер жүйесі екі ұшы қысылған құбыр үшін жазылған (1.4.2.4) жүйемен сәйкес келді. Сондықтан оның сипаттамалық теңдеулерінің λ_n түбірлері (1.4.2.8) теңдіктегі сандармен сәйкес келеді. Бұл дегеніміз ұштары бос құбырдың тербелісінің жиілігі екі ұшы қысылған құбырдың тербелісінің жиілігімен сәйкес келеді деген сөз. Бірақ олардың формалары бұл жағдайда әртүрлі болады. Яғни келесі түрде болады:

$$W_n(x) = \left[ch\lambda_n \frac{x}{L} + \cos \lambda_n \frac{x}{L} \right] - \frac{ch\lambda_n - \cos \lambda_n}{sh\lambda_n - \sin \lambda_n} \left[sh\lambda_n \frac{x}{L} + \sin \lambda_n \frac{x}{L} \right]. \quad (1.4.2.12)$$

Осыдан $W_n(x)$ функциясы мен оның $x=0$ мен $x=L$ болған кездегі x бойынша туындылары нөлге тең емес.

Үшінші жағдай: Құбыр $x=0$ нүктесінде бекітілген, ал екінші ұшы бос. Онда (1.4.18) теңдеу үшін шекаралық шарттар

$$W(0) = 0, \quad W'(0) = 0, \quad W''(L) = 0, \quad W'''(L) = 0 \quad (1.4.2.13)$$

түрінде болады. Бұл жағдайда шешімін (1.4.2.6) түрінде іздеу керек, яғни

$$W(x) = A \left[ch\lambda \frac{x}{L} - \cos \lambda \frac{x}{L} \right] + B \left[sh\lambda \frac{x}{L} - \sin \lambda \frac{x}{L} \right] \quad (1.4.2.14)$$

$x=L$ нүктесінде (1.4.2.14) теңдіктегі функциялардың x бойынша екінші және үшінші туындыларын нөлге теңестіре отырып, A мен B коэффициенттеріне қатысты келесі сызықты біртекті алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\begin{aligned} A[ch\lambda + \cos \lambda] + B[sh\lambda + \sin \lambda] &= 0, \\ A[sh\lambda - \sin \lambda] + B[ch\lambda + \cos \lambda] &= 0. \end{aligned} \quad (1.4.2.15)$$

Бірінші теңдеуден B коэффициентін табамыз:

$$B = -A \frac{ch\lambda + \cos \lambda}{sh\lambda + \sin \lambda} \quad (1.4.2.16)$$

Осы (1.4.2.15) анықтаушыты есептеп ықшамдағаннан кейін

$$(ch\lambda + \cos \lambda)^2 - (sh^2 \lambda - \sin^2 \lambda) = 2 + 2ch\lambda \cos \lambda = 0$$

теңдігін аламыз. Осыдан λ_n шамасы

$$ch\lambda \cos \lambda = -1 \quad (1.4.2.17)$$

сипаттамалық теңдеудің шешімі болатынын байқаймыз. Олар (1.4.2.8) теңдіктегі түбірлермен сәйкес келмейді. Сандық әдіспен есептеулер келесі жуық мәндерді көрсетті:

$$\lambda_1 = 1.875, \quad \lambda_2 = 4.694, \quad \lambda_3 = 7.855, \quad \lambda_4 = 10.996, \quad \lambda_5 = 14.137, \quad \lambda_6 = 17.279, \dots \quad (1.4.2.18)$$

Бұл мәндерді алдыңғы есеппен (1.4.2.8) салыстыра отырып, өзгешелік тек алғашқы үш түбірде екенін байқаймыз, ал қалған түбірлер сәйкес келетінін байқаймыз. Осылайша бір ұшы бекітілген екінші ұшы бос құбыр үшінде

тербелістің алғашқы үш тоны төменгі жиілікте болады, ал қалған тондары екі ұшы қысылған немесе бос құбырлардың жиіліктерімен сәйкес келеді.

1.5. Стерженьнің ұшының бекітуінің идентификациясы

Енді стержень ұштарының акустикалық диагностикасына тоқталайық. Стержень ұштарының акустикалық диагностикасын зерттеуде келесі зерттеулер жүргізілді: бүтін функцияларды салыстыру әдісінің көмегімен иілу тербелістерінің барлық меншікті жиіліктері бойынша стержень бір ұшын бекіту шарттарын табу мәселесін шешудің бірегейлігі туралы теорема дәлелденеді. Жалғыздық теоремасының шарттарының бірінің маңыздылығы мысалдар мен қарсы мысалдар арқылы көрсетіледі. Стержень бір ұшын меншікті жиіліктермен бекіту түрі мен параметрлерін анықтау мәселесін шешудің үш әдісі ұсынылады: биортогональды жүйе әдісі, жақсы анықталған матрица әдісі, анықталмаған жүйе әдісі. Шешу әдістері жиілік теңдеуінен шеттік шарттардың коэффициенттерінен тұратын матрицаның максималды реті бойынша белгісіз минорларды табу тәсілдерімен ерекшеленеді. Шеттік шарттарды табу мәселесін шешудің жалғыздығы туралы тағы бір теорема дәлелденеді. Егер белгілі бір матрицаның дәрежесі үшке тең болса, онда шеттік шарттарды табу жалғыздығы үшін тек үш меншікті жиілікті қолдану жеткілікті. Белгісізді табу анықталмаған жүйе әдісін қолдана отырып, үш меншікті жиілік бойынша меншікті шарттарының коэффициенттерінен тұратын матрица мысалдарымен келтіріледі.

1.5.1. Кері есепті қою

Стерженьді әр түрлі жолмен бекітуге болады. Егер стерженьді ұштары визуалды тексеру үшін қол жетімді болмаса, онда өзектің соққысынан туындаған тербелістердің дыбысы бойынша оларды бекіту түрі мен параметрлерін анықтауға мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Осы сұраққа байланысты мүмкін есептердің бірі келесідей: біртекті өзектің ұштарының бірін оның тербелістерінің меншікті жиіліктері бойынша бекіту түрі мен параметрлерін анықтау. Басқаша айтқанда, біртекті стерженнің әр ұшын бекіту түрін анықтау және оның параметрлері (серпімді бекіту кезіндегі серіппелердің қаттылық коэффициенттері) анықтау есептерінен тұрады.

Жоғарыдағы параграфта келтірілгендей, тұрақты қатаңдығы бар біртекті стерженнің иілу тербелістерінің теңдеуі келесідей болатынын еске саламыз

$$EI \frac{\partial^4 U(x,t)}{\partial x^4} + \rho F \frac{\partial^2 U(x,t)}{\partial x^2} = 0$$

бұл жерде $U(x,t)$ – өзек осінің ағымдағы нүктесінің ауытқуы; EI – өзектің иілу қатаңдығы; ρ – өзектің тығыздығы; F – стерженнің көлденең қимасының ауданы.

λ^4 арқылы $\rho F \omega^2 / \alpha$ -ны белгілейік. Жаңа белгілеулерде оң жақ ұшы қатты қысылған стерженнің иілу тербелісі туралы $u(x,t) = y(x) \cos(\omega t)$ алмастыруымен келесі спектрлік есепке келтіріледі:

$$y^{(4)} = \lambda^4 y, U_1(y) = 0, U_2(y) = 0, y(1) = 0, y'(1) = 0. \quad (1.5.1.1)$$

мұндағы $\lambda^4 = \rho F \omega^2 / \alpha$, $\alpha = EI$, $U_i(y, \omega) = \sum_{j=1}^4 a_{ij} y^{(j-1)}(0)$ ($i=1,2$) дегеніміз $x=0$ нүктесінде бекітуді сипаттайтын сызықтық пішіндер және серпімді бекіту параметрлері [22], $a_{ij} \in R$.

Біз осы спектрлік мәселеге керісінше есеп қоямыз: стерженнің иілу тербелістерінің меншікті жиіліктері бойынша белгісіз $U_1(y)=0, U_2(y)=0$. Шектік шарттарды табу.

«Шеттік шарттарды табу» деген нені білдіреді? Бір қарағанда, бұл барлық a_{ij} коэффициенттерін табу керек дегенді білдіруі мүмкін. Алайда, бұл қате мәлімдеме. Мәселе мынада, бір шеттік шарт мүлдем басқа коэффициенттерге ие болуы мүмкін. Мысалы, $y(0)=0$ және $5y(0)=0$ шарттарының a_{11} коэффициенттері мүлдем басқа. Бірінші жағдайда бұл 1, ал екінші жағдайда – 5.

